

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАЛЫҚ  
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

**ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**  
20 15 ж. « 10 » 08 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 950440001475  
№ 7796-1930-01 КТП

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАЛЫҚ  
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

**ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА**  
ТІРКЕУ 20 19 ж. « 11 » 09 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 950440001475  
№ 864-1930-1100 КТП  
Бастапқы тіркелген күні  
20 15 ж. « 10 » 08



«Қарағанды облысының  
экономика басқармасы» ММ  
басшысының  
2019 жылғы «14» маусым айында  
№ 113 бұйрығымен  
бекітілген

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының  
«Облыстық туберкулезге қарсы диспансері»  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының  
**ЖАРҒЫСЫ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық туберкулезге қарсы диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №16/01 «Медициналық ұйымдарды қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық туберкулезге қарсы диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие «Областной противотуберкулезный диспансер» управления здравоохранения Карагандинской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100005, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Санаторная көшесі, 22 үй.

## 2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалар құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.



### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні туберкулезді ерте анықтау және алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, туберкулезбен ауыратын науқастарды диагностикалау, емдеу сапасын жақсарту болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) туберкулезден зардап шеккен адамдар үшін әлеуметтік жобаларды іске асыру;

2) халыққа туберкулезге қарсы көмек көрсету мәселелері бойынша туберкулезге қарсы ұйымдарға (бұдан әрі-ТҚҰ) және облыстың бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі - БМСК) ұйымдарына ұйымдастыру-әдістемелік басшылық жасау;

3) облыстың ҚР М, ҚР ҚМ, мен ҚР ІІМ медициналық ұымдар мен медициналық ұйымдар мен медициналық қызметтерге, сондай-ақ ҚР БҒМ оқу орындарына туберкулезге қарсы іс-шаралар өткізу бойынша консультациялық, практикалық және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

4) стандартты зерттеулерге негізделген туберкулез диагностикасы (бактериологиялық: микроскопия, егу және дәріге сезімталдық тесті), клиникалық-рентгенологиялық және 2 ТЕ Манту туберкулиндік сынамаларды қою, Диаскин-Тест, сондай-ақ гендік-молекулалық деңгейде диагностикалаудың жоғары технологиялық әдістері;

5) медицина қызметкерінің тікелей бақылауымен стандартты және жеке емдеу режимдерінде науқастардың химиотерапиясы;

6) туберкулездің өкпе және өкпеден тыс нысандары бар науқастарды кешенді емдеу: хирургиялық әдістерді қоса алғанда, дәрілік-сезімтал және дәрілік-тұрақты нысандары бар;

7) туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды мамандандырылған туберкулезге қарсы ұйымдарға оқшаулау;

8) бейінді мамандарды тарта отырып, ілеспелі патологияларды диагностикалау және емдеу;

9) туберкулезге қарсы препараттарға жағымсыз реакцияларды төмендету және уақтылы жою жөніндегі іс-шараларды диагностикалау және жүргізу;

10) мониторинг жүргізу:

жаңа туған нәрестелерді БЦЖ вакцинациялау, 6-7 жастағы (1 сынып) балаларды ревакцинациялауға;

жыл сайынғы туберкулезге сараланған флюорографиялық тексеруді жоспарлау және «қауіп» тобындағы балаларға 2 ТЕ Манту туберкулин сынамасын қоюға;

11) есеп беру нысандарына сәйкес бастапқы медициналық құжаттама мен есептілік нысандарына сәйкес есепке алуға;

12) Қарағанды облысында белсенді және белсенді емес туберкулезбен ауыратын науқастарды диспансерлік бақылауға;

13) туберкулезді емдеу және алдын алу үшін туберкулезге қарсы препараттарға (бұдан әрі - ТҚП) қажеттілікті айқындау, ТҚҰ мен БМСК ұйымдарында олардың жұмсалуын және дұрыс сақталуын бақылауға;



14) науқастарды мамандандырылған туберкулезге қарсы санаторийлерге емдеудің қолдау фазасына жіберу және емдеу, сондай-ақ жасөспірімдерді сауықтыру, емдеу үшін санаториялық үлгідегі мектепке дейінгі және мектеп мекемелеріне жіберуге;

15) облыстық деңгейде стандартты индикаторлар негізінде туберкулезге қарсы іс-шараларды орындауға;

16) туберкулезбен ауыратын науқастардың еңбекке қабілеттілігін сараптау және медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясына жіберу жөніндегі іс-шараларды жүргізуге;

17) практикаға туберкулезді диагностикалаудың, емдеудің және профилактикасының қазіргі заманғы әдістерін енгізуге;

18) аймақтық, республикалық және халықаралық форумдарға, съездерге, семинарлар мен конференцияларға, кеңестер мен тренингтерге қатысу;

19) проблемалық мәселелерді жергілікті атқарушы органдардың қарауына шығаруға (туберкулез бойынша облыстық Үйлестіру кеңестері);

20) санитариялық-ағарту жұмысымен, оның ішінде салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен бірлесіп;

21) туберкулезге қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыру және ТҚҰ, БМСК ұйымдары мен облыстың ведомстволық медициналық қызметтері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету үшін ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

22) әлеуметтік көмек көрсету үшін науқастарды іріктеуге;

23) өз құзыреті шегінде ғылыми-медициналық, техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде мемлекеттік денсаулық сақтау органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

24) медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді және жаңа телекоммуникациялық технологияларды (телемедицина), госпитальдық ақпараттық жүйе және флюороотека базасында ресурстарды басқарудың электрондық жүйесін енгізу негізінде оның сапасын арттырады;

25) шетелдік және республикалық жетекші медициналық ұйымдардың базасында, оның ішінде жаңа телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен медицина қызметкерлерін оқытуды, олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады (қызметтер көрсетеді), декреттелген топтарды (санитарлық минимум) ақылы негізде оқытады;

26) келісім шарт негізінде оқу-әдістемелік оқытуды ұйымдастырады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) шұғыл медициналық көмек, тасымалдау кезінде медициналық алып жүру;

2) диагностика; зертханалық (Жалпы клиникалық, бактериологиялық зерттеулер), рентгенологиялық, эндоскопиялық, функционалдық, патологиялық анатомия және т. б.;

3) ересектерге мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық медициналық көмек: фтизиатрия, хирургия (Торакалдық), урология, гинекология, травматология;



4) фтизиатрия мамандығы бойынша балаларға амбулаториялық-емханалық медициналық көмек;

5) ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарлық медициналық көмек: фтизиатрия, анестезиология және реаниматология, урология, хирургия, гинекология, травматология, трансфузиология;

6) ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық медициналық көмек: фтизиатрия, стоматология, (терапевтік) және стоматология (хирургиялық);

7) медициналық реабилитология, қалпына келтіру емі (физиотерапия, емдік дене шынықтыру);

8) сараптамалық медициналық қызмет: балалардың денсаулық жағдайын сараптау, еңбекке қабілеттілігін сараптау, жасөспірімдердің денсаулық жағдайын сараптау (әскери-медициналық);

9) ересектерге мына мамандықтар бойынша медициналық көмек: Акушерлік және гинекология;

10) рентгендік диагностикалық зерттеулерді орындау үшін медициналық рентген аппараттарында жұмыс жүргізу;

11) функционалдық диагностика (эндоскопия, ультрадыбыстық зерттеу, электрокардиография);

12) кәсіпорын жанынан облыстық орталық дәрігерлік консультациялық комиссия (бұдан әрі - ООДК) құрылады.);

13) кәсіпорын жанынан күндізгі стационар (бөлімше, палата) (бұдан әрі - КС) және үйдегі стационарлар құрылады;

14) КС және үйдегі стационарлар:

а) жағдайы тәулік бойы бақылау мен емдеуді талап етпейтін, бірақ химиотерапияның бақыланатын курсы жүргізу қажет болатын, бактерия бөлмейтін I, II, IV санаттағы науқастарды емдеуге жатқызу;

б) туберкулезге қарсы препараттардың жанама әсерін жою;

15) КС және үйдегі стационардағы науқастарға тексеру жүргізу үшін құрамында ол ұйымдастырылған ТҚҰ-ның емдеу-диагностикалық қызметтерін пайдаланады;

16) пациенттерге сервистік палаталар беруді ұйымдастырады.

фармацевтикалық қызмет: дәрілік заттарды өндіру, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет (денсаулық сақтау жүйесінде) есірткі, психотроптық заттарды пайдалану, есірткі, психотроптық заттарды жою, есірткі, психотроптық заттарды сатып алу, есірткі, психотроптық заттарды сақтау;

иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу, иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды пайдалану, жалпы мақсаттағы медициналық рентгендік жабдықтар;



«Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бекіткен ақылы медициналық қызмет көрсету туралы Ережесіне сәйкес ақылы медициналық қызмет көрсету.

15. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шектеулі қызмет мақсаттарына қайшы немесе директордың жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің немесе Қарағанды облысы әкімдігінің, не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

17. Қарағанды облысының әкімшілігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге беру туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

3) кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны коммуналдық заңды тұлғаларға жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға және өтеусіз пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды.

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның органы оның директор, сондай-ақ осы Жарғының 5-тарауында көзделген жағдайларда Байқау кеңесі болып табылады.



19. «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы кәсіпорын директорымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

20. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, кәсіпорын директоры жеке-дара әрекет ету қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін заңмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

21. Директор:

1) кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүддесін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте кәсіпорынның мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатураларды ұсынады;

9) өз орынбасарларының және кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

каржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

## **5. Байқау кеңесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды басқару ерекшеліктері**

23. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:



1) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражатының және қосымша көздерден алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

кәсіпорын директорды тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қызметкерлерге, кәсіпорын директорына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сыйлықақы беру және қосымша қаржы көздерінен материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесі хатшысын тағайындайды, өкілеттік мерзімі мен жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізеді;

9) кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

10) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныс енгізеді;

11) кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу бойынша «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ұсыныс енгізеді.

24. Кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

25. Кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Байқау кеңесінің мүшесі немесе кәсіпорын директордың талап етуі бойынша өз бастамасы бойынша шақыруы мүмкін.

26. Егер Байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланса және отырысқа Байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырысы заңды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын Байқау кеңесінің басқа



мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

27. Байқау кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда кәсіпорынның Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

28. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және Байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

## 6. Кәсіпорынның мүлкі

29. Кәсіпорынның мүлкін құны оның балансында көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

30. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлары) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

31. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

32. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік ғана болуы мүмкін.

33. Шаруашылық жүргізу құқығын иелену және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды иелену және тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шарттар мен тәртіппен жүзеге асырылады.

34. Шаруашылық жүргізуіндегі мүлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнімдер мен табыстар, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

35. Меншік иесі оған қатысты оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, кәсіпорынның балансында мүлікті бекіту сәтінде туындайды.

36. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

37. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.



38. Кәсіпорын «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жазбаша келісімімен «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша құқылы:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға.

39. Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

40. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің меншік иесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 38 және 39 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **7. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру**

41. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

42. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

43. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді өз бетінше сатады.

44. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жасаудан кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

45. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 508 836 258, 51 (бес жүз сегіз миллион сегіз жүз отыз алты мың екі жүз елу сегіз) теңге елу бір тиынды құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезінде толық қалыптастыруы тиіс.

## **9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

46. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы»



мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, пайда мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

48. Байқау кеңесі бар кәсіпорын кәсіпорынның қаражаты есебінен Байқау кеңесінің, «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің директорының, бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

## **10. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

49. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

50. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

## **11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

51. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

52. Еңбек шартында, ұжымдық шартта, келісімдерде, жұмыс берушінің актілерінде айқындалған еңбекке ақы төлеу талаптары Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптармен салыстырғанда нашар бола алмайды.

53. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

## **12. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

54. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

55. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.



### 13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

56. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

57. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

58. Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражатты қоса алғанда, таратылған Кәсіпорынның ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

### 14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

59. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша енгізіледі.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық туберкулезге қарсы диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын директоры



  
К.О.Исмаилов  
(қолы)





Утвержден  
приказом руководителя  
ГУ «Управление экономики  
Карагандинской области»  
от «14» июня 2019 г.  
№ 119

**УСТАВ**  
**коммунального государственного предприятия**  
**«Областной противотуберкулезный диспансер»**  
**управления здравоохранения Карагандинской области**



## 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие «Областной противотуберкулезный диспансер» управления здравоохранения Карагандинской области (далее-Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата Карагандинской области «О реорганизации медицинских организаций» №16/01 от 13 апреля 2015 года.

3. Учредителем Предприятия является акимат Карагандинской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества предприятия осуществляет акимат Карагандинской области.

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление здравоохранения Карагандинской области».

6. Наименование предприятия:

на государственном языке: Карағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық туберкулезге қарсы диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны;

на русском языке: Коммунальное государственное предприятие «Областной противотуберкулезный диспансер» управления здравоохранения Карагандинской области;

7. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 100005, Карагандинская область, город Караганда, улица Санаторная, дом 22.

## 2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия на государственном и русском языках.

9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Предприятие может создать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

